

**Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында атқарылған
әлеуметтік-педагогикалық жұмысының есебі**

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Оқу жылының басында ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 472 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы: Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды: Мектепте оқитын оқушылардың жалпы саны 2023-2024 оқу жылында 4034 оқушы болды. Ұлы: 2066, Қызы 1968. 164 сынып комплектісіне жетті.

Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны -1650

Толық емес (ажырасқан) -277

Толық емес (некесіз) -47

Жетім ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар -15

Жартылай жетім (әкесі қайтыс болған) -102

Жартылай жетім (анасы қайтыс болған) -13

Өгей әке-25, өгей ана-9, ИДН есебінде-0

Мектепішілік есепте-7, тәуекел топ-0, үйден оқитын оқушы -22

Қолайсыз отбасы-3, заңды өкілінсіз жүрген нотариуспен жүрген оқушылар саны-20 оқушы болды.

2024-2025 оқу жылындағы көрсеткіш:

Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны -1827

Толық емес (ажырасқан) -230

Толық емес (некесіз) -44

Жетім ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар -13

Жартылай жетім (әкесі қайтыс болған) -89

Жартылай жетім (анасы қайтыс болған) -14

Өгей әке-25, өгей ана-7, ИДН есебінде-1

Мектепішілік есепте-4, тәуекел топ-0, үйден оқитын оқушы -25

Қолайсыз отбасы-2, заңды өкілінсіз жүрген нотариуспен жүрген оқушылар саны-23 оқушы болды.

Жүргізілген сыныптық талдау негізінде оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрастырылды. Негізгі мақсаты: Бастапқы кезеңде қолайсыз отбасылардағы балалардың қараусыз қалуының алдын-алу.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны - 13. Оқу жылында жетім және АҚК оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылардың барлығы үй кезегіне қойылған. «29 қазан - Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді.

Шырша жұмыстары бойынша 2023-2024 оқу жылында Сейіткәрімұлы Нұрислам 3 Ә сынып оқушысы қала әкімі атынан өткілген шыршаға қатысты. 2024-2025 оқу жылында Президент шыршасына Сейтбек Үміт ұсылса, қала әкімі атынан өткізілетін шыршаға 3 М сынып оқушысы Серікбай Нұрмұхамедәлі ұсынылды.

❖ Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысының (08.08.2022 ж №554) 3-тармақ 4-бөліміне сәйкес, "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 13-қосымшасына сәйкес **Қаржылай көмек 43 407 теңгеден 2024-2025 оқу жылында 812 оқушыға тағайындалды.**

I санат 67 отбасы 159 бала

II санат 295 отбасы 634 бала

III санат 12 отбасы 12 бала

V санат 4 отбасы 7 бала

Барлығы 378 отбасы 812 оқушыға тағайындалды

Демеушілік көмекпен (мектеп формасы, оқу құралдары т. б) 2023-2024 оқу жылында 150 оқушы көмекпен қамтылса, 2024-2025 оқу жылында түрлі санатпен 30 оқушы қамтылды.

2023-2024 оқу жылы **"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" бойынша** қалалық білім бөлімінің шешімімен ыстық тамақ құжаттары қағаз 396 оқушы, электронды «egov.kz» порталы арқылы 130 оқушының құжаты қабылданды. Осы қосымшаға сәйкес мектеп-лицейімізде тамақты ұйымдастыру және мониторингі бойынша 31 тамыз 2023 жылы №314 ші мектепшілік бұйрық шығарылды, хаттама №1 жазылды.

Бастауыш сынып 159 ерекшелік бойынша 1462 оқушы, 163 ерекшелік санат бойынша 526 бала, барлығы 1988 оқушы ыстық тамақпен қамтылған.

2023-2024 оқу жылында әртүрлі есептегі оқушыларды **мектепшілік және сыртқы жазғы тынығу лагерлерімен қамту жұмыстары бойынша** мектепшілік жазғы тынығу лагеріне санат бойынша 80 баладан қағаз түрінде өтініш түсіп, лагерьге қатыстырылды.

Сыртқы Талдысу лагеріне- 3 лек бойынша 187 оқушы демалып келді.

Мектеп-лицейімізде "Психология-әлеуметтік" апталығы барысында

«Отбасы-тәрбиенің басты ұясы» атты

потранат, қамқоршылықтағы оқушылардың ата-аналарымен тренинг түрінде іс-шара өткізілді.

Мақсаты:

- 1.Ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру;
- 2.Ынтымақтастықта, өзара сыйластықта бірлесе әрекет етуге, пікір алмасып, ой білдіруге шыңдау.

✿Ис-шара "Асыл анашым" атты көңілді әнмен басталды.

Әлеуметтік педагог 5 санат бойынша атқарылған жұмыстар барысын таныстырды


✿Педагог психолог арнайы тренинг жүргізіп, ата-аналармен ішкі байланыс жасады.

Балаларына арнайы ашық хат жазып, тілектерін білдірді.

✿Wordwall бағдарламасы арқылы "Балаңыз туралы білесіз бе? " айдарымен сұрақтар қойылып, ата-аналар шынайы пікірлерін айтып, тәжірибе алмасты.

Ис-шара соңы мектеп-лицей директорының арнайы Алғыс хатымен марапатталып, сыйлық тарту етілді.

<https://www.facebook.com/share/p/5Pa3wfssEjF2ukzA/?mibextid=oFDknk>



III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей: Мектепшілік есепте тұрғандар - 4. Қолайсыз отбасы оқушылары -2. Тәуекел топтағы оқушылар - 0. Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді. Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV . Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы. Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға есебі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы. Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі, әлеуметтік педагог оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр. 120 ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы. Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» семинары, «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеңіз!» арнайы жаднамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды. Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік -педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана- оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата- анамен дұрыс қарым қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік -педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

S Күшті жақтары	W Әлсіз жақтары
«Мектепке жол» акциясының нәтижелі	Оқушылардың ыстық тамақпен

жүзеге асырылуы; Қайырымдылық айлығының тиімді ұйымдастырылуы; Әлеуметтік педагогтың іс- құжаттарының талапқа сай жүргізілуі;	қамтылуында цифрлық технологияның болмауы; Диагностикалық жұмыстардың толықтай жүргізілмеуі;
О Мүмкіндіктері	Т Қауіп-қатерлері
Өзін-өзі жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына қатысу; Қайырымдылық шараларындағы демеушілерді тарту жұмыстарының нәтижелілігі;	Аз қамтылған санаттардың көбеюі; Ата-аналардың бала алдындағы жауапкершілігінің төмендігі;